# ЕЛОРДА АЛТАЙҒА АТ БАЙЛАДЫ



Жанаргүл Мұқатай

**21 – 23 қазан аралығында Өскеменде Астана қаласының Шығыс Қазақстан облысындағы мәдени күндері өтті. Ел жүрегі – Астананың әлеуеті мен жетістігін, өнері мен мәдениетін Шығыс өңірі тұрғындарына паш ету мақсатында Шығыс Қазақстан облысының және Астана қаласының әкімдері Бердібек САПАРБАЕВ пен Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВТЫҢ бастамаларынан туған Елорданың Шығыс Қазақстанға басқан алғашқы қадамы «Алтай» технологиялық паркінде «Астананың өркендеуі – өңірлердің дамуы» тақырыбында өткен ғылыми-тәжірибелік конференциядан басталды.**

Астана қаласы мәслихатының хатшысы Ермек Осланов бастап келген астаналық делегация құрамындағы қала әкімдігінің қызметкерлері, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ ғалымдары, Елордадағы мәдени, тарихи орталықтар мен өзге де сала өкілдеріне, мемлекет және қоғам қайраткерлеріне «Қош келдіңіздер!» дей отырып, шығысқазақстандықтардың алғысын білдірген облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ:

– Өздеріңіз білесіздер, бұл күндері Астана қаласында түркі тілдес елдердің саммиті өтіп жатуына байланысты Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов бұл шараға келе алған жоқ. Күн сайын осындай үлкен оқиғалар мен маңызды қадамдардың куәсіне айналып отырған Астана – Отанымыздың келбеті, еліміздің жүрегі, өңірлер мен аймақтардың бағыт-бағдар алып, бой түзер, жоба-жоспар құрар өркениетті, басты қаласы. Еліміздің өркендеп, өсуіне индустриалды, аграрлы Шығыс Қазақстан аймағы да өз үлесін қосып, қарқынды даму үстінде. Мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасына аймақтан құны 600 миллиард теңгеден астам 34 жоба енгізіліп отыр, бүгінгі күні соның 12-сі толық жүзеге асырылды. 1,5 мыңнан астам жұмыс орны ашылып, бюджетке қосымша 7 миллиард теңге құйылды.

(Соңы 2-бетте)